

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы

БЕКІТЕМІН



М. Әуезов атындағы ОҚУ КеАҚ

Басқарма төрағасы-Ректоры

Д. Қожамжарова

« 03 » 2021ж.

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің  
шығармашылық білім беру бағдарламаларын таңдаған дарынды және  
талантты оқушылар арасында облыстық және қалалық «Жас Дарын»  
шығармашылық өнер конкурсын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Ұсынылған Ереже М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 2020-2021 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарына сәйкес, Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша орта білім беру мектептерінің бітіруші сынып оқушылары арасында, шығармашылық білім беру бағытындағы тақырыптық өнер байқауларын өткізуді, оны ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, мақсаты мен міндеттерін, конкурсқа қатысу тәртібін және шарттарын, бағалау критерийлерін, өткізу мерзімін және жеңімпаздарды анықтайды.

1.2. Конкурс 11 сынып оқушыларына арналған шығармашылық зияткерлік конкурс болып табылады.

**2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:**

2.1. Конкурстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- оқушыларды ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу және дарынды оқушыларды қолдау мақсатында арналған «Жас Талант» атты шығармашылық өнер конкурсын атап өту;

- ел ішінде дарынды және өнерлі оқушыларды анықтау, олардың өнерлері мен білімдерін сынау арқылы үлкен сахналарға, шығармашылық өнерге жол ашу;

- конкурсты ұйымдастыру барысында 2021-2022 оқу жылына жоғары оқу орнына оқуға түсу рәсімі бойынша түсушілерге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша білім беру саласының және М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің беделін көтеру.

### **3. Конкурса қатысушылар**

#### **3.1. Конкурса қатыса алады:**

- мектеп бітіруші сынып (11 сынып) оқушылары;
- конкурс қазақ тілінде және орыс тілінде өткізіледі.

3.2. Тіркеу: қатысушылар конкурстың ресми басталуына дейін онлайн тіркеуден өтуі қажет. Қатысушыларға өтініш беру онлайн-режимде электронды почта арқылы жүргізіледі. [pk\\_uku2021@mail.ru](mailto:pk_uku2021@mail.ru)

#### **3.3. Қажетті құжаттар:**

- жеке куәлік көшірмесі (немесе туу туралы куәліктің көшірмесі);
- фотосурет;
- толтырылған өтінім формасы;
- мінездеме (қатысушының оқу орны ұсынады).

### **4. Әдістемелік және сараптама (қазылар алқасы) комиссиялары**

4.1. Әдістемелік және сараптама комиссиялар құрамына М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті кафедраларының профессор-оқытушылары құрамынан алынады.

#### **4.2. Әдістемелік комиссиясы:**

- шығармашылық білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша конкурс бағдарламаларын дайындайды;
- шығармашылық білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша конкурс тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;
- шығармашылық білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша конкурс бағдарламаларын бекітіп, хаттама дайындайды және оларға рецензия жазады;
- конкурс туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

#### **4.3. Сараптама комиссиясы:**

- конкурстың 1-ші және 2-ші кезеңдерін Ережеге сәйкес өткізеді;
- конкурса қатысушылардың орындау жұмыстарының нәтижелерін бағалайды;
- конкурстың 1-ші және 2-ші кезеңдері бойынша қатысушылардың өту баллын анықтайды;
- шығармашылық білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша координаторына нәтижелер ведомосын ұсынады;
- конкурс жеңімпаздарын (жүлдегерлерін) анықтап, марапаттау жөнінде ұсыныстар жасайды;
- конкурс туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

## 5. Конкурсты өткізу

5.1. Конкурс 2021 жылдың 10 және 30 сәуір аралығында өтеді және 2 кезеңде ұйымдастырылады.

1-ші кезең (өңірлік) онлайн форматта жеке орындаушылармен (мектепшілік, аудандық, қалалық) zoom платформасын қолданып, 2021 жылдың 10-20 сәуір аралығында өткізіледі. 1-ші кезеңде жоғары деңгейден көрініп, іріктелген орындаушылар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өтетін 2-ші кезеңге шақырылады.

2-ші кезең оффлайн форматта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында 2021 жылдың 20-30 сәуір аралығында өткізіледі.

Конкурстың 1-ші және 2-ші кезең бойынша нәтижелері әлеуметтік желілерде жарияланады (фейсбук, инстаграмм, твиттер).

5.2. Конкурс Түркістан облысының аудандық және Шымкент қаласының қалалық жалпы білім беретін мектептерінің дарынды және өнерпаз оқушылары Театр өнері, Мәдени-тынығу жұмысы Хореография, Бейнелеу өнері, Дизайн және сән өнері, Сәулет өнері және Журналистика бағыттары бойынша қатыса алады.

## 6. Орындалатын шығармашылық бағыт түрлері:

### 6.1. Театр өнері, Мәдени-тынығу жұмысы

- Сахнаның безендірілуі; сахна мәдениеті, киім үлгісі;
- Режиссерлық қойылымы, бейнетаспамен қамтылуы; қойылған саз аспаптардың құлақ күйі;
- Еркін тақырыпта орындалатын шығарманың көркемдік деңгейі; табиғи дарындылығы; сахна мәдениеті;
- Көркем-әдеби шығармалардың (прозадан үзінді, өлең, мысал, ертегі, әзіл-ысқақ) толық нұсқасын немесе үзіндісін оқып беру, ән, би, ерекше жанрдағы өнерін, музыкалық аспаптарда шығарма орындау шеберлігі.

### 6.2. Хореография

- Тандалған билер үлгісі;
- Сахна мәдениеті; киім үлгісі;
- Еркін тақырыпта кез келген стильде, жанрда және әлем халықтарының билерінен орындау шеберлігі.

### 6.3. Дизайн, бейнелеу және сән өнері

- Үш және төрт заттардан құралған натюрморт, сауатты жазылуы қол өнері, орындау шеберлігі;
- Еркін тақырыптағы композициялық жұмыс, орындау шеберлігі;

- Шығармашылық ойдың тақырыпқа сәйкес келуі және таңдалған тақырыптың пәндік мазмұнының мағыналық көрінісін көркемдік-композициялық тұрғыда көрсету.

#### **6.4. Сәулет**

- Үш проекциялық сызба, сауатты жазылуы қол өнері, орындау шеберлігі;
- Еркін тақырыптағы композициялық жұмыс, орындау шеберлігі;
- Шығармашылық ойдың тақырыпқа сәйкес келуі және таңдалған тақырыптың пәндік мазмұнының мағыналық көрінісін көркемдік-композициялық тұрғыда көрсету.

#### **6.5. Журналистика**

- Хроника, шағын және кеңейтілген ақпараттар, сұхбат, есеп, суреттеме, репортаж дайындау өнері, орындау шеберлігі;
- Еркін тақырыпта пікір айтып, сөз сөйлеу, орындау шеберлігі;
- Шығармашылық ойдың тақырыпқа сәйкес келуі және таңдалған тақырыптың пәндік мазмұнының мағыналық көрінісін журналистік тұрғыда көрсету.

### **7. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

7.1. Конкурс қорытындысы бойынша жүлделі орынды иеленген қатысушыларға (барлық оқу мерзіміне) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқу ақысына жеңілдік қарастырылған.

6.2. I, II және III орын алған жеңімпаздарға сәйкес дипломдар және оқу ақысына жеңілдіктер туралы сертификат беріледі. Жеңілдіктер туралы сертификаттар саны:

I-ші жүлделі орындардың конкурс жеңімпаздары 100 % жеңілдік қарастырылған. 5 орын:

- 1 орын (Театр өнері, Тынығу шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Хореография шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Дизайн, бейнелеу және сән өнері шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Сәулет шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Журналистика шығармашылық бағыты бойынша);

II-ші жүлделі орындардың конкурс жеңімпаздары 75 % жеңілдік қарастырылған. 5 орын:

- 1 орын (Театр өнері, Тынығу шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Хореография шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Дизайн, бейнелеу және сән өнері шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Сәулет шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Журналистика шығармашылық бағыты бойынша);

ІІІ-ші жүлделі орындардың конкурс жеңімпаздары 50 % жеңілдік қарастырылған. 5 орын:

- 1 орын (Театр өнері, Тынығу шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Хореография шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Дизайн, бейнелеу және сән өнері шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Сәулет шығармашылық бағыты бойынша);
- 1 орын (Журналистика шығармашылық бағыты бойынша);

## 8. Конкурсты ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз етілуі

8.1. Конкурсты өткізудің ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

8.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті профессор-оқытушылар мен қызметкерлері құрамынан қалыптасады.

Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді орындайды:

- конкурстың барлық шараларының өткізілуін қамтамасыз етеді;
- конкурсты өткізу мерзімдері мен орнын анықтайды;
- қатысушылардың тіркелуін ұйымдастырады;
- әдістемелік және сараптау комиссиялар құрамын қалыптастырады және бекітуге ұсынады;
- конкурстың тапсырмаларын дайындау бойынша комиссия құрамын қалыптастырады;
- конкурстың жеңімпаздарын бекітеді;
- апелляциялық өтініштерді қабылдап, қарайды;
- конкурстың есебін ұсынады;
- конкурстың туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

### Өтінім үлгісі

Қатысушының аты-жөні	Шығармашылық бағыты	Қатысу тілі, (қазақ, орыс)	Кері байланыстары (телефон номері, электронды почта)	Оқу орны, мекен-жайы (қала, аудан)	Жетекші (аты-жөні, байланыс нөмері)

Кәсіптік бағдар беру  
орталығы директоры



Айтуреев М.Ж.

<b>Шығармашылық бағыт түрлері</b>	<b>№</b>	<b>Білім беру бағдарламалары тобының шифры және атауы</b>
Театр өнері, Мәдени-тынығу жұмысы	1	B027Театр өнері
	2	B092Тынығу
Хореография	1	B028Хореография
Дизайн, бейнелеу және сән өнері	1	B030Бейнелеу өнері
	2	B031Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны
Журналистика	1	B042Журналистика және репортер ісі
Сәулет	1	B073Сәулет